



«Өмір бойы жарқыраған күлкі» балаларға арналған халықаралық бағдарламасы



Стоматологиялық денсаулық бойынша сабақ өткізу нұсқаулығы

Colgate компаниясы Қазақстан Стоматологиялық Қауымдастығымен бірлесе отырып жүзеге асыратын «Өмір бойы жарқыраған күлкі» атты балаларға арналған халықаралық бағдарламасына қош келдіңіз! Бұл бағдарламада балалардың ерте жастан бастап ауыз қуысына дұрыс күтім жасаудың тұрақты дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру іс-шаралары қамтылған. 30 жылдан астам уақыт бойы біз бүкіл әлем бойынша балаларға денсаулық бойынша сабақтар өткіземіз. Оларға қазірдің өзінде 80 елден 1 миллиардтан астам бала қатысты. 2009 жылы жоба біздің елде басталды.



«Өмір бойы жарқыраған күлкі» бағдарламасы тіс дәрігерлеріне, гигиенистерге және мұғалімдерге мектептер мен балабақшаларда стоматологиялық денсаулық сабақтарын ұйымдастыруды айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл кешенді бағдарлама 6-10 жастағы балалар үшін аса қызық болады, ол қолданыстағы оқу бағдарламасымен үйлесім тауып, стоматологиялық клиника мен оқу орнының талаптарына оңтайлы бейімделеді.

- Бағдарламаның мультимедиялық бөлімінде Доктор Қоян және Доктор Жымыған атты екі мультипликациялық кейіпкер болады. Олар балаларға ауыз қуысы гигиенасының әлемін ашады. Қолдануға оңай дидактикалық материалдар балаларға ойын арқылы үйренуге көмектеседі.
- Сабақ барысында алған білім мен дағдыларды бекіту процесіне отбасы мүшелерін қатыстыру маңызды екенін ұмытпаған жөн. Осы мақсатта бағдарламада үйде пайдалануға арналған материалдар ұсынылады.

Стоматологиялық денсаулық сабағын өткізу әдістемесімен танысыңыз және «Өмір бойы жарқыраған күлкі» бағдарламасына қатысыңыз!

БАЛАЛАРДЫҢ КҮЛКІСІ ӨМІР БОЙЫ ЖАРҚЫРАСЫН!



Стоматологиялық денсаулық сабағын өткізу әдістемесі «Өмір бойы жарқыраған күлкі»

Сабақ мақсаты

Жаңа сөздермен танысу, ауыз қуысының гигиеналық негізгі ережелерін ойын түрінде үйрену, тісті дұрыс тазалау дағдыларының техникасын жақ үлгісінде жүзеге асыру, сабақ барысында алған білімді үйде қолдануға арналған материалдардың көмегімен бекіту.

Сабақ құрылымы

(40 минут)

1 Балалармен танысу

2 Түсініксіз сөздерді талдау

3 Мультфильм қарау

4 Ауыз қуысына дұрыс күтім көрсету (плакатпен жұмыс)

5 Тіс тазалау техникасы (жақ үлгісімен жұмыс істеу)

6 Үй тапсырмасы және материалдарды тарату

Сабаққа дайындық

- Экраны бар проекторды, колонкаларды немесе плазмалық панельмен дайындаңыз
- Мультфильмді сынақ ретінде іске қосыңыз
- Сыныпта «Тіс Галактикасының батыры бол» плакатын іліп қойыңыз
- Жақ үлгісін дайындаңыз демонстрациялық тіс щеткасы бар
- Тарату материалдарын дайындаңыз сыныптағы немесе балабақшадағы топтардың барлық балаларына арналған үй жағдайында пайдалану үшін

1 Балалармен танысу
(5 минут)

2 Түсініксіз сөздерді талдау

Өзіңізді таныстырыңыз, егер балалармен таныс болмасаңыз – оларға тіс дәрігері (гигиенист/студент) екеніңізді және бүгін денсаулық сабағын өткізетініңіз туралы айтып беріңіз.

Тақтаға балаларға таныс болмауы мүмкін сөздерді жазып қойыңыз: галактика, тіс дәрігері, тіс жегісі, тіс шірігі, шайғыш құрал, фторид.

Балалармен түсініксіз сөздердің мағынасын талдаңыз. Мысалы, фторид – бізге тіс жегісімен күресуге көмектесетін, тіс пастасының маңызды компоненті.

Балаларды мультфильм қарауға дайындаңыз: оларды Тانيا атты қызбен және оның достарымен бірге алаяқ герцог Шіріктіс тіс шабуыл жасаған Тіс Галактикасында оқиғалар күтіп тұрғаны туралы айтыңыз.

3 Мультфильм қарау
(10 минут)



4 Ауыз қуысына дұрыс күтім көрсету

(плакатпен жұмыс, 10 минут)

Мультфильм оқиғаларын талқылаңыз және балалардың мазмұнын түсінгеніне көз жеткізіңіз. Ұсынылатын сұрақтар:

- Мультфильмнің басты кейіпкерлері кімдер?
- Тіс Галактикасының қорғаушылары Шіріктіс тіспен күресу үшін қандай қаруды қолданды?
- Шіріктіс тіс пен оның көмекшілері тіске қандай зияндық жасады?
- Тіс жегісімен не үшін күресу керек?

Мультфильмді қарау барысында алған білімді «Тіс Галактикасының батыры бол»



Тістеріңді фторлы тіс пастасымен күніне 2 рет тазала: таңғы астан соң және ұйықтар алдында



Тіс щеткаңды әр 3 ай сайын ауыстыр



Тіс жібін күнде тістер арасындағы тіс жегілерін жою үшін пайдалан



Ауыз қуысына арналған шайғыш құралды тісті әр тазалаған соң қолдан



Тәттілер мен газдалған сусындарды аз пайдалану – олар тіске кері әсерін тигізеді!



Батыл бол – тіс дәрігеріне жылына 2 рет үнемі тексеріл

5 Тіс тазалау техникасы

(жақ үлгісімен жұмыс істеу, 10 минут)

Балалардан сұраңыз: «Тіс Галактикасының нағыз Батыры болғың келе ме және Доктор Қоян командасына қосылғың келе ме?» Талқылап болған соң мәлімдеме жасаңыз: «Олай болса бізге Шіріктіс тіске қарсы супер қаруды меңгеріп, тістерімізді дұрыс тазалауды үйренуіміз керек. Және ол үшін бізге плакат пен жақ үлгісі көмектеседі».

Плакатта балаларға тістерін тазалаудың қадамдарын көрсетіңіз, жақ үлгісінің және тіс щеткасының көмегімен көрсетіңіз (егер олар сізде бар болса).

Бірнеше оқушыларды бір-бірден шығып, барлығын біртіндеп қайталауға тақтаға шақырыңыз.

1 Сыртынан



Әр тісті иек сызығынан тістің жиегіне дейін щеткалау қимылы арқылы тазала

2 Ішінен



Әр тістің ішкі бетін иек сызығынан тістің жиегіне дейін щеткалау қимылы арқылы тазала

3 Шайнау беттерін



Әр тістің шайнау беттерін алдыға-артқа қимылының көмегімен тазала

4 Алдыңғы тістердің ішкі беті



Алдыңғы тістердің жоғарғы және астыңғы жақтарын тіс щеткасының ұштарын пайдаланып щеткалау қимылы арқылы тазала

5 Тіл беті



Ауыздан жағымсыз иіс тудыратын бактерияларды жою үшін тіліңді тазалауды ұмытпа

6 Үй тапсырмасы және балаларға материалдарды тарату

(5 минут)

Балаларға Тіс Галактикасының нағыз батырлары атанулары үшін көп жаттығу керек екенін, сондықтан бүгіннен бастап оларға тісті тазалауға арналған арнайы күнтізбеде Тіс Галактикасы үшін өзінің әр күресін белгілеп отыруы қажет екенін хабарлаңыз.

Балаларға күнтізбені ата-аналарымен бірге жуынатын бөлмеге немесе үйдегі көрінетін жерге іліп қоюды, күнде таңертең және кешке тісті тазалап болған соң оған белгі қойып отыруды ұсыныңыз

Балаларға күнтізбенің үстіңгі бөлігіне өз аттарын жазып қоюға көмектесіңіз. Олардан Тіс Галактикасының Батырлары дипломдарын алу үшін бір айдан соң толтырылған күнтізбені сұратыңыз.

Сабақ соңында балаларға үйге арналған материалдарды беріңіз және олардан сабақ ұнағандығы туралы сұраңыз, сондай-ақ Шіріктіс тіспен шайқастарда сәттілік және Тіс Галактикасының батырлары командасына тезірек енулерін тілеңіз!



Тіс ауруларының алдын алу бағдарламасының дидактикалық материалдары

«Өмір бойы жарқыраған күлкі»



Стоматологиялық денсаулық сабағын өткізу нұсқаулығы

Бұл «нұсқаулық» бағдарлама бойынша, мейлі тіс дәрігері, гигиенист, мектеп оқытушысы, балабақша тәрбиешісі болсын, немесе қарапайым сүюші ата-ана болсын, кез келген тілек білдіруші үшін балаларға арналған тіс саулығы туралы қызықты және пайдалы сабақ өткізуге көмектеседі.




Мультфильм «Тіс Галактикасындағы оқиғалар»

Доктор Қоян және алаяқ герцог Шіріктік тістен Тіс Галактикасын қорғайтын оның тату қорғаушылар тобы туралы қызықты мультфильм. Балалар олардың еліктіргіш оқиғаларын аса қызығушылықпен қарайтын болады. Ұзақтығы: 8 минут. Бұл мультфильмді мына сайттан жүктеп алуға болады: www.colgate.ru.



«Тіс Галактикасының батыры бол» плакаты

Плакат мультфильмде ұсынылған материалды бекітеді, тіс тазалаудың дұрыс техникасына және ауыз қуысы күтімінің негіздерін айқындатады.



Тіс Галактикасы батырының тіс тазалау күнтізбесі

Түрлі-түсті күнтізбе сіздің балаңызды қуантады және оған күн сайын тіс тазалау қажеттілігін, сондай-ақ ауыз қуысы күтімінің маңыздылығын еске салып тұрады. Сабақ соңында әр балаға артқы бетінде ата-аналар үшін ақпараты бар осы тіс тазалау күнтізбесін таратыңыз.



Ата-аналар үшін ақпарат

Тіс щеткалары күнтізбесінің артқы жағында ата-аналарға ауыз қуысы гигиенасының негіздері туралы пайдалы ақпарат, практикалық кеңестер берілген, бұл сізге тіске және иекке дұрыс күтім жасау принциптерін отбасының күнделікті өміріне оңай енгізуге көмектеседі.



Тіс Галактикасы батырының дипломы

Тіс тазалау күнтізбесін толтырып болған соң тіс дәрігері немесе оқытушы балаларға Тіс Галактикасы батырының аты жазылған дипломымен салтанатты түрде табыстайды.

Тісті тазалау барысында кранды жауып қойыңыз.

Берілген дидактикалық материалдарды өз бетіңізше мына сайттан басып шығара аласыз: www.colgate.ru.



Балаңызға ауыз қуысының дұрыс күтімі және дұрыс тамақтану негіздері туралы қызықты түрде үйренуге көмектесіңіз – балаларыңызға арналған «Менің жарқыраған күлкім» қолданбасын жүктеп алып, ол туралы достарыңызға және таныстарыңызға айтып беріңіз!

